

Астана қаласында ғылыми білім беру кешенін құру мәселелері жөнінде жұмыс тобын құру және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 21 наурыздағы N 63-ө өкімінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 19 қарашадағы N 345-ө
Өкімі

Астана қаласында ғылыми білім беру кешенін құру және дамыту жолымен
Қазақстан экономикасы секторларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Шөкеев	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, жетекші
Өмірзақ Естайұлы	
Мамин	- Астана қаласының әкімі,
Асқар Ұзақбайұлы	жетекшінің орынбасары
Қуанғанов	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі, хатшы
Фархад Шаймұратұлы	
Мамытбеков	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі
Асылжан Сарыбайұлы	Басшысының орынбасары
Түймебаев	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі
Жансейіт Қансейітұлы	
Бишімбаев	- Қазақстан Республикасының
Қуандық Уалиханұлы	Индустрия және сауда вице-министрі
Саудабаев	- Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
Дәулет Советұлы	
Хорошун	- Астана қаласы әкімінің орынбасары
Сергей Михайлович	
Құрманғалиева	- Қазақстан Республикасы Экономика бюджеттік жоспарлау министрлігі
Аида Дәденқызы	Әлеуметтік саланы дамыту департаментінің директоры
Тәтібаев	- "Ғылыми білім беру кешені"
Жанұзақ Әбдірасылұлы	корпоративтік қорының директоры
(келісім бойынша)	

2 . Ж ұ м ы с т о б ы :

1) бір апта мерзімде қажетті іс-шаралар тізбесі мен орындалу мерзімдерін нақтылай

отырып, Астана қаласында» "Жаңа университет" ғылыми білім беру кешенін құру жөніндегі желілік кестенің жобасын әзірлесін;

2) қажет болған жағдайда Астана қаласындағы "Жаңа университет" ғылыми білім беру кешенін құру жөніндегі желілік кестенің орындалуы жөнінде ұсыныстар әзірлесін.

3. Астана қаласының әкімдігі жұмыс тобын ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырсын.

4. "Астана қаласында ғылыми білім беру кешенін құру мәселелері жөнінде жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 21 наурыздағы N 63-ө өкімінің күші жойылды деп танылсын.

Премьер-Министр